



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2015 ж. 28 желтоқсан № 691

Астана қаласы

город Астана

Салық төлеушінің (салық агентінің)
салықтық жүктеме коэффициентін
есептеу қағидаларын бекіту туралы



«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандығы Кодексінің (Салық кодексі) 557-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық жүктеме коэффициентін есептеу қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарда және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кесіпорнына» жіберілуін;
 - 3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр



Б. Сұлтанов

007994

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
20¹⁵ ж «28» 12 № 691
 бүйрығымен бекітілген

Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық жүктеме коэффициентін есептеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық жүктеме коэффициентін есептеу қағидалары 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салықтық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 557-бабы 1-тармағының 12) тармақшасын іске асыру мақсатында пайдаланылатын салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық жүктеме коэффициентін есептеу тәртібін айқындауды.

2. Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық жүктеме коэффициенті шаруашылық субъектісіне салық жүйесі әсерінің сипаттамаларын көрсетеді.

2. Салықтық жүктеме коэффициентін есептеу тәртіби

3. Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық жүктеме коэффициентінің есебі, Салық кодексінің 99-бабында көзделген түзетулерді есепке алмaston заңды тұлғаның жылдық табысының (дара кәсіпкердің табысының) жынтығына есептелген және (немесе) есептеп шығарылған салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің қатынасы ретінде, түзетуді есепке алмaston мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{САК} = C \text{ и } MT/\text{ЖТС} \times 100\%,$$

мұнда:

САК – салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық жүктеме коэффициенті;

С және МТ – күнтізбелік жыл ішінде есептеп шығарылған және (немесе) есептелген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер сомасы;

төлем көздерінен ұсталған корпоративтік және жеке табыс салығын; тауарлар импорты кезінде төленген қосылған құн салығы мен акциздерді; күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша бюджетке төлененуге тиісті барлық салық соммасының және (немесе) артық төлемдердің теріс мәнде орын алған жағдайда, қосылған құн салығын қоспағанда;

ЖТС-Салық кодексінің 99-бабында көзделген түзетулерді және есептік салықтық кезің ішінде жиынтық түрінде алынған түзетулерді және дара кәсіпкердің табысын есептемегенде, заңды тұлғаның жылдық жиынтықтағы табыс сомасы.

4. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық есепті шетелдік валютада ұсынған жағдайда, декларацияда көрсетілген ЖТС сомасы, салықтық есеп берілген күні белгіленген валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланылып ұлттық валютада қайта саналады.

3. Қорытынды ережелер

5. Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық жүктеме коэффициенті түрлі салықтық кезеңдерде нақты салық төлеушінің есептеп шығарған салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің жиынтығында талдау жүргізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) қызметінің соңғы нәтижесін салық салу жүйесі әсерінің деңгейін көрсетеді.

